

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті  
Ұлан ауданының Әділет басқармасы»  
Мемлекеттік мекемесі

20 08 ж. " 03 " 03

Занды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді

БСН 930340000261

Алғашқы тіркелген күні

2003 ж. " 24 " 03

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті  
Ұлан ауданының Әділет басқармасы»  
Мемлекеттік мекемесі

Құрылтай құжаттарына енгізілген

өзгертулер мен толықтырулар

20 12 ж. 08. 05 тіркелді

БСН 930340000261

# ЖАРҒЫ

## «ӨСКЕМЕН ҚҰС ФАБРИКАСЫ»

## АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**«Өскемен құс фабрикасы» Акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1 БАП  
АНЫҚТАМА**

1. Осы жарғыда басқа анықтамаға ие емес, бас әріппен жазылған және қолданылатын әрбір термин, осы жарғыда келесі мәнге ие:

- «Акция» акционерлік қоғаммен шығарылатын және акционерлік қоғаммен басқаруға қатысу құқығын, қоғамдағы таза табысы бар дивиденттерді (үлеспайданы) алуға және қоғамдағы мүлгі жойылған кезде, оның бөлігінен үлесін алу құқығын, сонымен қатар ҚР заң актілерінде қарастырылған басқа құқықтарды куәландыратын құнды қағаз
- «Орналастырылған акциялар» құнды қағаздардың алғашқы нарығында құрылтайшылармен (акционерлермен) және инвесторлармен төленген қоғам акциясы
- «Төленген капитал» Орналастырылған акциялардың жиынтық номинал құны
- «Дивиденттер» акционерлік қоғаммен төленетін, акционерге тиесілі акцияларынан түсетін акционердің табысы
- «Заңдар» / «ҚР заңдары» Конституция (Ата Заң) және басқа да қолданыстағы заңдар, заң актілері, қаулылар, өкімдер, ережелер, бұйрықтар, Парламенттің, Президенттің, Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің, Жоғары Соттың немесе Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органдарының министрліктер, комитеттер, департаменттер немесе агенттіктер, облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктер) нормативті актілері.
- «Еркін айырбасталатын құнды қағаз» шығару анықтамаларымен анықталатын шарттар мен тәртіпте басқа құнды қағазға айырбасталынатын акционерлік қоғамның құнды қағазы
- «Ірі мәміле» 1) бір бірімен өзара байланысты мәміле мен жиынтық нәтижесінде қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен құны 25 және одан да жоғары пайызды құрайтын, қоғаммен сатып алынатын немесе шеттелетін мүлік (сатып алынуы немесе шеттелуі мүмкін) мәмілесі  
2) бір бірімен өзара байланысты мәміле мен жиынтық нәтижесінде орналастырылған бір түрдегі құнды қағаздардың жалпы мөлшерінен құны 25 және одан да жоғары пайызды құрайтын, оның орналастырылған құнды қағаздары қоғаммен өтеп алынуы немесе қоғамның құнды қағаздарын олардың өтеп алуы мүмкін мәмілесі
- «Қоғам» «Өскемен құс фабрикасы» акционерлік қоғамы
- «Шығарылуға жарияланған Акциялар» шығарылымы, құнды қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, уәкілетті органдармен тіркелген Қоғам Акциялары
- «Жарияланған капитал» шығарылуға жарияланған барлық Акциялардың жиынтық номинал құны

## 2 БАП

### ҚОҒАМНЫҢ ФИРМАЛЫҚ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

- 2.1 Қоғамның толық ресми фирмалық атауы:  
қазақша: «Өскемен құс фабрикасы» акционерлік қоғамы;  
орысша: акционерное общество «Усть-Каменогорская Птицефабрика».  
Қоғамның толық ресми қысқартылған атауы:  
қазақша: «ӨҚФ» АҚ;  
орысша: АО «УКПФ».
- 2.2 Қоғамның орналасқан жері:  
Қазақстан Республикасы, Шығыс қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті
- 2.3 Қоғам заңды тұлға болып табылады. Қоғамның келісім-шарт жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және пайдалануға, міндеттерді орындауға және өз құзіретіне шешуге, сотта талап қоюшы немесе жауапкер болуға және Қазақстан Республикасы мен шет елдегі төрелік соттарға қатысуына құқығы бар, және де өз мүлкі көлемінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікке тартылады.
- 2.4 Қоғам өзінің әкімшілік құрылымын әзірлеуде, маркетингтік саясатта, құндылық саясатта, еңбекақы төлеу саясатында, таза табысты тарату саясатында және кәсіпкерлік қызметтің басқа да аспектілері мен Қоғамның ішкі басқармасында шешімдер қабылдау үрдісінде толық экономикалық тәуелсіздікке ие.
- 2.5 Қоғамның дербес балансы, ұлттық және шетел валютасында банктік есепшоты, мөрі бар. Сонымен қатар қоғамның қазақ және орыс тілдерінде мөртаңбасы, өз атаулары жазылған бланкілері, эмблемасы, тіркелген тауарлық белгісі және басқа да жеке құралдары бар.
- 2.6 Қоғам қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларына: ҚР Азаматтық кодексіне, 2003 ж 13 мамырындағы өзгертулер мен қосымшалар енгізілген № 415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сай жүзеге асырылады.
- 2.7 Қазақстан Республикасы мен шет елдерде қоғам өзінің филиалдарын және өкілдіктерін құра алады. Филиалдар мен өкілдікті құру және жою, олар туралы ережелерді бекіту, басшыларын тағайындау акционерлердің құзіретіне жатады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген ережелер мен сенімхаттар негізінде қызмет етеді. Қоғам филиалдар мен өкілдіктер қызметі жауапты.
- 2.8 Қазақстан Республикасы мен шет елдерде қоғам өзінің еншілес ұйымдарын құруға құқылы.
- 2.9 Осы жарғыда көрсетілмеген нормалар, 2003 ж 13 мамырындағы №415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сай реттеледі.

## 3 БАП

### ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ТАҚЫРЫБЫ

- 3.1 Қоғамның мақсаты - өзінің акционерлері үшін пайда әкелу, сонымен қатар Зандармен тыйым салынбаған кез келген және әртүрлі қызметтерді жүзеге асыру.
- 3.2 Өз мақсатына жетуі үшін, қоғам келесі қызметтерді жүзеге асырады:  
1) жасанды жолмен бройлер-балапандарды шығаруды және бройлерді ет үшін өсіруді;  
2) бройлер-балапандарды ет, дүмбіл азық, ішек-қарын үшін қайта өндеуді және дайын өнімге дейін жеткізуді;  
3) дайын өнімді Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде сатуды;  
4) мақсаттарға жету үшін осы 3 баптың 1 т аталған негізгі және қосалқы қызметтерді жүзеге асыру.
- 3.3 Қоғамның құқықтары:  
1) Қоғамның бағытын, жұмыс пен қызмет түрлерін және оның қаржы саясатын анықтау;  
2) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногы туралы заңда қарастырылған тәртіпте Акцияларды, облигацияларды, Еркін айырбасталатын қағаздар мен басқа да құнды қағаздарды шығару;  
3) қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға;

- 4) ұлттық және шет ел валютасында есеп шот ашу; заңнамалардағы белгіленген тәртіпте ұлттық және шет ел валютасында мәмілелер мен операциялар жүргізу;
- 5) Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі банктер мен басқа да қаржы мекемелерінде несие алу, сонымен қатар, өз активтері мен басқа да мүліктерін несие қамсыздандыруына салу; қарыз алғандығын растайтын облигацияларды шығару, борыштық міндеттерді, айырбас хаттарын және басқа да куәландыру қағаздарын жазу және үшінші тұлға пайдасына кепілдік ұсыну;
- 6) барлық түрдегі мүліктерді, және де мүлік құқығын, жылжымалы мүлікті, табиғи ресурстарды, зияткерлік қызметтердің жемісін сатып алу, не сыйға алу, жалға алу не иелену, пайдалану, сонымен қатар, мүлікпен кез келген мәміле жасау және бұл мүлікті шеттеу, жалға беру, несиеге салу немесе басқа тәсілмен мүлікті қорғау, оған басқалай иелік ету сияқты әрекеттерді жүзеге асыру;
- 7) Заңнамаларға сай жерді, суды не басқа да табиғи ресурстарды жалға алу, сатып алу немесе қолдану құқығын иелену;
- 8) кез келген мәміле жасау, соның ішінде Қазақстан Республикасында немесе кез келген елде заңды және жеке тұлғалармен, өкіметпен экспорт-импорт операцияларын жүргізу, шет елден сатып алу және Қоғам мақсатын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына қажетті кез келген жабдықтарды, материалдарды және өнімдерді әкелу, сонымен қатар рұқсат етілген ішкі қаржы салудың барлық түрлерін, ішкіэкономикалық қызметті жүзеге асыру;
- 9) қазақстандық немесе шет елдік бірлестіктерді, кәсіпорындарды, акционерлік компанияларды, бірлескен кәсіпорындарды, шаруашылық серіктестіктерді, қауымдастықтарды және басқа да коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды құруға қатысу;
- 10) қазақстандық және шетелдік мамандарды, кеңес берушілерді және басқа да қызметкерлерді жалдау, олардың Қазақстан Республикасына заңды түрде кіріп шығуына ықпал ету; азаматтылығына қарамастан лауазымдық тұлғаларды және басқа да қызметкерлерді тағайындау, жалға алу шарттарын және еңбек келісімін жасау;
- 11) сенімхатты кез келген жеке тұлғаға, заңды тұлғаға, филиалдарға немесе өкілдіктерге беру;
- 12) осы жарғы мен заңнамаларда қарастырылған, жоғарыда аталған мақсаттарға жету және басқа да құқықтарға ие болу үшін Қоғам қажет деп есептейтін кез келген әрекеттерді жүзеге асыру.

#### 4 БАП

##### ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР

- 4.1 Қоғамның Жарғылық капиталының ең аз мөлшері ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңында көрсетілген мөлшерден аз болмауы керек.
- 4.2 Қоғам Қарпайым және Артықшылықты Акциялар шығарады. Артықшылықты Акциялар бойынша дивидендтердің кепілді мөлшері бір акция 1 теңге құрайды. Артықшылықты Акция акционерлерге ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңында белгіленген жағдайлардан басқа кезде Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.
- 4.3. Қоғамның Жарғылық Капиталының өсуі Қоғамның жарияланған Акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### 5 БАП

##### ҚОҒАММЕН АКЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ

- 5.1 Қоғам өз Акцияларын мемлекеттік тіркеуден кейін, жарияланған олардың санының көлемінде, бір не бернеше рет орналастыру арқылы шығарған акциялар негізінде, орналастыруға құқылы. Орналастырылған Акциялар ұйымдастырлмаған құнды қағаздар рыногында өткізілген жазылулар немесе аукциондар және ұйымдастырылған құнды қағаздар рыногында сату арқылы жүзеге асырылады.

Жазылу арқылы орналастырылған Қоғам Акциялары, аталған орналастырылулар шегінде, Акцияларды артықшылық сатып алу құқығына сай сатып алған акционерлерден басқа, Акцияларды сатып алған барлық тұлғалар үшін бірінғай бағада сатуға жатады.

Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған, қоғам ұйымымен осы орналастыру үшін белгіленген Акцияларды орналастыру құны, акциялардың сатылып кетуі үшін белгіленген ең аз баға болып табылады.

- 5.2 Жарияланған Акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды, Қоғамның қарапайым Акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарын орналастыру, сонымен қатар, бұрынырақ сатып алынған құнды қағаздарды өткізу туралы шешім қабылданған жағдайда, Қоғам, шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде, өз акционерлеріне жазбаша ескерту немесе бұқаралық ақпарат құралдырына жариялау



арқылы, өздерінде бар Акциялар санына пропорционалды тең дәрежелі жағдайда, құнды қағаздар рыногында орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғам ұйымымен белгіленген орналастыру құны бойынша, құнды қағаздарды сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті.

Қоғамның Акцияларын орналастыру туралы құлақтандыруынан кейін, Акционерлер отыз күн ішінде Акцияны немесе құнды қағаздарды, артықшылық сатып алу құқығына сәйкес Қоғамның Акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарын сатып алуға тапсырыс өтініштерін беруге құқылы. Осыдан кейін Қоғамның қарапайым Акцияларын иеленген Акционерлер, қарапайым Акцияларды немесе Қоғамның Акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағаздарды артық сатып алуға құқығы бар, ал Қоғамның артықшылық Акцияларын иеленген Акционерлер, Қоғамның артықшылық Акцияларын артық сатып алуға құқылы.

Қоғам Акционерлерінің артық сатып алған құнды қағаздарды өткізу тәртібі, құнды қағаздар рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдармен белгіленеді.

5.3 Орналастырылатын Акциялардың немесе Артықшылық құнды қағаздардың өтемі, акционердің оларды орналастыруы туралы шешімімен анықталған мерзім аралығында толық төленуі тиіс. Орналастырылатын Акциялардың немесе еркін айырбасталатын құнды қағаздардың өтеміне ақша, мүлдітік құқық (зияткерлік жеке меншік объектілеріне құқығы) және ҚР Заңнамаларында қарастырылғандардан басқа мүлдіктер алынады. Ақша, мүлдік сияқты төлемдер ҚР Заңнамаларына сәйкес берілген лицензия негізінде қызмет ететін бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

5.4 Төлем үшін белгіленген мерзімге дейін Акцияларлардың толық төлемі орындалмаған жағдайда, акционерлер тізміне тиісті жазба жазылып, Акция Қоғам өкіміне келіп түседі. Акционердің төлем үшін белгіленген мерзімге дейін Акцияларлар үшін төлеген ақшасы, басқа мүлді қайтарылмайды.

Қоғамға келіп түскен Акциялардың дауыс беру құқығы болмайды, дауыс беруді есептеу кезінде немесе кворумды анықтау үшін есепке алынбайды, бұл Акциялар бойынша Дивиденттер тағайындалмайды, және де олар Акционерлер шешімімен белгіленген мерзім аралығында ғана орналастырылуы мүмкін.

5.5 Бағалы қағаздарды жай акциядарына айырбастау уәкілетті органның тиісті тәртіппен қабылданған шешімі бойынша бір түрдегі бір бағалы қағаз бір жай акцияға айырбастау есебі бойынша жүзеге асырылады.

Егер бұрын қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды орналастырған кезде акционерлерге осы бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы берілсе, осы бағалы қағаздар шығару проспектісі негізінде бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастау кезінде қоғамның акционерлеріне акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы беріледі.

Бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыратын қоғам акционерлеріне қатысты белгіленген талаптарды орындауға міндетті.

5.6 Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау уәкілетті органның тиісті тәртіппен қабылданған шешімі бойынша бір түрдегі акция бір басқа түрдегі акцияға айырбастау есебі бойынша жүзеге асырылады. Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаудың шарттары, мерзімдері және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

## 6 БАП

### ДИВИДЕНТТЕР, РЕЗЕРВТЕГІ КАПИТАЛ

Дивиденттер қарапайым Акциялар бойынша, Акционерлер анықтаған көлемде және Қоғам Жарғысымен белгіленген алдын ала анықталған кепілдік мөлшерінен кем емес артықшылдық Акциялар бойынша белгіленеді.

Қоғам Орналастырылған Акциялар бойынша тоқсан сайын, жарты жылда бір немесе жылына бір рет Дивидент төлеуге құқығы бар. Дивиденттің басқа мерзімдері Акциялардың шығу аясында белгіленеді.

Дивидендтер мөлшерінде және оларды әрбір санаттағы (түрдегі) Акциялар бойынша төленетін формада жылдық Дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің шешімімен бекітіледі. Дивидендтер мөлшерінде және оларды әрбір санаттағы (түрдегі) Акциялар бойынша төленетін формада аралық Дивидендтерді (тоқсан сайынғы, жарты жылдық) төлеу туралы шешімді де акционерлер қабылдайды. Дивидендтерді төлеу туралы шешім, шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде БАҚ яғни «Егеменді Қазақстан» газетінде жариялануы тиіс және ишарасы көрсетілуі тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
- 2) Дивидент төленетін мерзім;
- 3) Бір қарапайым Акция есебіндегі Дивидент мөлшері;
- 4) Дивиденттерді төлеу уақытының басталуы;
- 5) Дивиденттерді төлеу тәртібі мен формасы.

Акционерлер Қоғамның қаржы қорытындысы негізіндегі қарапайым Акциялары бойынша Дивиденттердің төленбегендігі туралы кез келген есеп беру мерзімі ішінде, шешім қабылданған күннен бастап, жұмыс күнінің он күні аралығында міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы шешім қабылдауға құқылы.

6.3 Дивиденттерді бөлу үшін төлем күнін Акционерлердің шешімі бойынша белгілейді.

6.4 Дивиденттерді төлеу үшін, ең алдымен бірінші кезекте артықшылық Акциялары бойынша, сонан кейін қарапайым Акциялар бойынша Дивиденттер төленеді. Артықшылық Акция иелеріне тиесілі Дивиденттер және қарапайым Акция иелеріне толық көлемдегі Дивиденттер, төленетін мерзімге дейін жүргізілмейді.

Артықшылық Акциялары бойынша төленбеген Дивиденттер, Дивиденттердің тағайындалған төлем мерзімінен өтуі бойынша төленуі және шоғырлануы тиіс.

6.5 Дивиденттер ақшалай төленеді. Акционерлер шешімі бойынша Дивиденттер Қоғамның құнды қағаздарымен төленуі мүмкін.

Қарапайым Акциялардың Дивиденттері Қоғамның ағымдағы жылдағы таза табысынан төленеді. Артықшылық Акцияларының Дивиденттері Қор капиталы есебінен төленуі мүмкін.

6.6 Өз шығынын жабу үшін Қоғам Жарияланған капиталдан 15% (он бес пайыз) кем емес сөлшерде Қор капиталын ашады. Қор капиталы Қоғамның таза табысынан жыл сайын аударылым жасау жолы арқылы құрылады. Жыл сайынғы аударылым мөлшері Акционермен белгіленеді.

Қандай да бір төлем нәтижесінде қор капиталы өзінің Жарияланған капиталынан 15% (он бес пайызға) азаятын болса, Қоғам көрсетілген сомаға дейін Қор капиталының орын толтыру үшін аударылымды қалпына келтіруі тиіс.

6.7 Артықшылық Акциялары бойынша дивиденттерді төлеу мерзі жақындағанда, Қоғам бес жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында осы Жарғының 6 бабы 2 тарауы 1), 2), 4), 5) тармақшаларындағы мәліметтерді көрсеті отырып, Дивиденттерді төлеу туралы ақпарат жариялайды, сонымен қатар Қоғамның бір артықшылық Акциясына есептелген дивиденд көлемін көрсетеді.

6.8 Қоғамның қарапайым және артықшылық Акциялары бойынша дивиденттер тағайындау келесі жағдайларды төленбейді:

- 1) өз капиталының жарамсыз мөлшері бойынша немесе Қоғамның өзіндік капитал мөлшері өзінің Акциялары бойынша Дивиденд төлеу нәтижесінде жарамсыз болса;
- 2) Қоғамның ҚР Заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік, банкроттық белгілері байқалған жағдайда, не Акциялары бойынша Дивиденд төлеу нәтижесінде аталған белгілер байқалса.

## 7 БАП

### АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 Қоғам Акционерлерінің құқықтары:

- 1) Қоғамды басқаруға осы Жарғы мен Заңнамаларда қарастырылған тәртіпте қатысуға;
- 2) осы Жарғы мен Заңнамаларда қарастырылған тәртіпте Дивиденттер алуға;
- 3) осы Жарғы мен Заңнамаларда және Акционерлердің жалпы жиналысында анықталған тәртіпте Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, сонымен қатар Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

- 4) құнды қағазға оның меншік құқығын растайтын ресстр ұстаушыдан не номиналды ұстаушыдан үзінді көшірме алуға;
- 5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) Қоғам органдарымен қабылданған шешімді сот арқылы даулауға;
- 7) Қоғамға қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұранымының келіп түскен күнінен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелдеу есептерін алуға;
- 8) Қоғамның жойылғанынан кейін қалған мүліктерін таратудағы акционерлік капиталға қатысқан өз үлесін тиісті пайызымен алуға;
- 9) Қоғам органымен Заң және Жарғы нормаларын бұзушылық әрекеті болған жағдайда, өзінің құқығын және заңды мүддесін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 10) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

- Ірі акционердің, сондай-ақ:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 2) директорлар кеңесіне ҚР заңнамаларына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
- 5) осы Жарғы мен Заңнамаларда қарастырылған басқа да құқықтары.

7.2 Артықшылық Акция ұстаушысы қарапайым Акция иелерінің алдында келесі артықшылық құқықтарына ие: эмиссия бағыттамасымен белгіленген кепілдік мөлшерде алдын ала Дивидентті алуға; Қоғам жойылған жағдайда, өздерінің иелігіндегі артықшылық Акцияларына есептелінетін номиналдық құнын алуға (толық көлемдегі төленбеген Дивиденттер жатпайды) және жойылғаннан кейін қалған мүліктерін таратудағы Қоғамның жарғылық капиталына қатысқан өз үлесін тиісті пайызымен алуға. Сонымен қатар артықшылық акциясын ұстаушы ҚР «Акционерлік қоғамы туралы» Заңында қарастырылған жағдайда қоғамды басқаруға қатысуға құқылы.

7.3 Қоғам Акционерлерінің міндеттері:

- 1) ҚР «Акционерлік қоғамы туралы» Заңында және Жарғыда қарастырылған тәртіпте Акцияларды төлеуге;
- 2) өздеріне тиесілі Акцияларын сату бойынша, Ірі мәміле жасауға ниетті екендерін Қоғамға айтуға;
- 3) өзгеріс болған жағдайда, Қоғам акцияларын ұстаушы ресстрларын жүйеге енгізу үшін, 10 (он) күн ішінде Қоғам тіркеушісін және Акционерге қарасты Акцияны номиналды ұстаушыны хабардар етуге;
- 4) қоғам туралы ақпараттарды, оның қызметтік, комерциялық қызметі туралы немесе Заңмен қорғалатын басқа да құпияларын таратуға, жария етуге;
- 5) осы Жарғы мен Заңнамаларға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

## 8 БАП

### ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫ

8.1 Қоғамның орналастырылған Акцияларды сатып алуы, Қоғамның ықыласы не акционерлердің талабы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қоғамның орналастырылған Акцияларды сатып алу мөлшері орналастырылған Акциялардың жалпы мөлшерінен жиырма бес пайызға артпауы тиіс, ал Қоғамның орналастырылған Акцияларды сатып алуға кеткен шығыны өзінің капитал көлемінен он пайызға аспауы керек.

8.2 Орналастырылған Акцияларды Қоғамның сатып алуы, осы Жарғымен белгіленген тәртіпте бекітілген «Акциялардың құнын анықтау әдістемесімен» сәйкес, оларды ҚР заңдарына қарама-қайшы келмейтін мақсатта сату үшін, Қоғам ықыласы бойынша акционерлер келісімімен жүргізуі мүмкін.

8.3 Әр санаттағы және түрдегі сатып алынатын Акциялардың санаты мен түрі, бағасы, төлем мерзімі, сонымен қатар Акцияны сатып алу жүзеге асырылатын мерзім мен Қоғамның Акцияны сатып алудан бас тарту құқығы өткен мерзім анықталған кезде, Акцияларды сатып алу туралы шешімді акционерлер қабылдайды.

Қоғам ықыласы бойынша орналастырылған Акцияларының сатып алынатын саны, Акцияларды сату-сатып алу мәмілесін жасағанға дейін, олардың жалпы санынан бір пайызға артса, қоғам өз



акционерлеріне шығарылым туралы жариялауға міндетті. Қоғамның өзінің орналыстырылған Акциялары туралы хабарландыруында сатып алатын Акцияларының түрін, санын, бағасын, мерзімін, сатып алу шартын көрсетуі керек және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

- 8.4 Акционерлерге сатып алуға жарияланған Қоғамның орналыстырылған Акциялар саны, Қоғаммен сатып алуға жарияланған Акциялар санынан артып кетсе, бұл Акциялар акционерлерге тиісті Акциялар санына үйлесімді түрде олардан сатып алынады.
- 8.5 Қоғамнан акционерлік қоғамның қызметін реттейтін ҚР Заңдарымен қарастырылған жағдайда, өздеріне тиесілі Акцияларының барлығын немесе бөлігін сатып алуды талап етуге құқылы. Акционерлер акционерлік қоғамның қызметін реттейтін ҚР Заңдарымен қарастырылған шешім қабылданған күннен бастап отыз күн ішінде қоғамға өздеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш талаптарын ұсынуға құқылы. Осы өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде, Қоғам Акционерлерден акцияларларын сатып алуға міндетті.
- 8.6 Акционерлердің шешімі бойынша сатып алынған Акциялардың дауыс беру құқығы жоқ, дауыс беруді есептеу кезінде есепке алынбайды және олар бойынша Дивиденттер төленбейді.

#### **9 БАП**

#### **ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМІ**

- 9.1 Қоғам Акцияларын ұстаушы реестрлар жүйесін енгізуді Қоғамның үлестес тұлғасы болып саналмайтын Қоғам тіркеушісі жүзеге асырады.

#### **10 БАП**

#### **ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ**

- 10.1 Қоғаммен басқаруды Қоғамның органы жүзеге асырады.
- 10.2 Қоғам органы болып табылатындар:
- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
  - 2) басқарушы орган – Директорлар Кеңесі;
  - 3) орындаушы орган – Бас Директор.
- 10.3 Орындаушы органның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, Өскемен құс фабрикасы, пошталық индексі 071600.

#### **11 БАП.**

#### **ЖОҒАРҒЫ ОРҒАН**

- 11.1 Қоғамның жоғарғы органы Акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады.
- 11.2 Акционердің ерекше құзыретіне келесі мәселелер кіреді:
- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - 1-1) корпоративтік басқару кодексін қабылдауы қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 2) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 3-1) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
  - 3-2) қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
  - 4) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 5) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
  - 6) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
  - 7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 8) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;



- 9) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 9-1) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 10) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 12) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 13) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 14) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 15) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
- 16) Ревизор таңдау және оның өкілеттігін дереу тоқтату (ондай болған жағдайда);
- 17) Акцияларды бөлшектеу (сплит) және консолидация;
- 18) Қоғамның барлық активтерінің жалпы сомасы 25% (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын бір немесе бірнеше бөлігін басқа заңды тұлғалар құруына немесе оның қызметіне қатысуға қатысты шешім қабылдау
- 19) Ірі мәмілелерді және басқа да Қоғамның мүдделеріне сай келетін мәмілелерді бекіту;
- 20) Қоғамның еркін айырбасталатын құнды қағаздарын, облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттары мен тәртібін бекіту;
- 21) Қоғамның меншікті капиталының 25% (жиырма бес) және одан жоғары пайызындағы мөлшерін құрайтын Қоғам міндеттерін көбейту туралы шешім қабылдау;
- 22) Қоғамның лауазымды адамдарына төлейтін сыйлықақы мөлшерін бекіту;
- 23) Қоғам қызметінің басымдылықты бағытын анықтау;
- 24) Ревизорға төленетін сыйлықақы және тәуелсіз аудитор қызметінің ақысын мөлшерін анықтау;
- 25) Тоқсан немес жартыжылдық қорытындысы бойынша дивидендтер төлеудің мөлшері, алу көзі және тәртібі жайлы шешім қабылдау;
- 26) Таза кіріс, Резервтегі капитал қаржысын пайдалану тәртібін анықтау;
- 27) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;
- 28) Ірі мәміле жасау, сондай-ақ, 10 (он) миллион АҚШ доллары және одан да көп сомаға өзара байланысты кез-келген бір немесе бірнеше мәмілелер жасау;
- 29) Тәуелсіз тіркеушілермен шартқа отыру;
- 30) Құпиялы деп есептелетін және Қоғамның коммерциялық құпиясына жататын ақпаратты анықтау;
- 31) Жыл сайынғы Бизнес-Жоспар мен жыл сайынғы бекітілетін Бизнес-Жоспарда қарастырылмаған капиталды жұмсауды қоса есептегендегі қандай да бір маңызды ауытқуларды бекіту;
- 32) Қоғамның бас директоры және Директорлар Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалатын адамдарды сайлау туралы шешім қабылдау;
- 33) Директорлар кеңесіне мүшесі болатын адамды таңдау туралы шешім қабылдау;
- 34) Директорлар кеңесі құрамына таңдалып алынған адамдардың өкілеттігінің мерзімін анықтау, сондай-ақ, олардың өкілеттігінің дереу тоқтатылуы жайлы мәселені шешу;
- 35) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларда және қоғам жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше жағдайдағы құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша шешімдерді басқарушы орган - Директорлар Кеңесі немесе атқарушы орган – Бас Директор өз құзыреттеріне сай қабылдайды.

113. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама акционерлердің қолына берілуге, немесе пошта арқылы акционерлердің мекен-жайына жіберілуге тиіс.
114. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

- 11.5. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 11.6. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, қоғамның жарғысына және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен белгіленеді.
- 11.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа тәртіп көзделмеген жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруі "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.
- 11.8. Осы баптың 11.2-тармағының 1),2),3) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 11.9. Акционерлердің жалпы жиналысы өткен отырысында қабылданған шешімдері Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен рәсімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста Акционерлердің жалпы жиналысының төрағалық еткен адам мен Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы қол қоюға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында белгіленген ақпарат ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы қойып отырған талаптарға сай болуы керек.

## 12 БАП.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 12.1. Директорлар кеңесі Жарғыда көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді шешуден басқа жағдайларда Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды,
- 12.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:
- 1) Қоғамның орналастырылған акциялары мен басқа да құнды қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 2) Акцияларды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар мөлшерін жарияланған акциялар мөлшері шегінде оларды орналастыру (сату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 3) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
  - 4) аудиторлық ұйымның қызметі үшін төленетін, сонымен қатар Қоғамның акциялары үшін төлеуге берілген немесе ірі мәміленің пәні болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын анықтайтын бағалаушының қызметіне төленетін ақы мөлшерін анықтау;
  - 5) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен келісім-шартты бұзған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
  - 6) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа заң бойынша құпия сақталатын ақпаратты анықтау .
- 12.3. Жеке тұлғалар ғана ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы белгілеген шектеулерді есепке ала отырып, директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар Кеңесінің жалпы саны кемінде үш адам болуға тиіс.
- 12.4. Директорлар Кеңесінің құрамына кіретін тұлғалар, сонымен қатар директорлар Кеңесінің Төрағасы басқарманың жоғарғы органы – Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалады.
- 12.5. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, сонымен қатар Қоғамның Жарғысымен анықталған басқа функцияларды атқарады. Директорлар Кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда оның функцияларын директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесінің бір мүшесі орындайды.
- 12.6. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғамның Бас директорының бастамасымен немесе ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес мұндай құзырлығы бар тұлғалардың талап қоюы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 12.7. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін директорлар Кеңесінің жалпы мүшелері санының

жартысынан кем емес бөлігі бар болған кезде қол жеткізілетін кворум бар болуы керек.

- 12.8 Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыс иесі болып табылады. Директорлар Кеңесінің шешімі директорлар Кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің басым бөлігі дауыс берген жағдайда қабылданады. Егер қабылданатын шешім беру кезінде дауыс беретін мүшелердің саны тең болған жағдайда Төрағасының немесе Қоғамның Бас директорының дауысы басты шешім атқарады.
- 12.9. Директорлар Кеңесінің оның ішкі тәртіп бойынша өткізілген отырысы үстінде қабылданған шешімі бойынша хаттама шығарылады, оны директорлар Кеңесінің Төрағасы мен директорлар Корпоративтік хатшысы отырыс өткізілгеннен кейін үш күннің ішінде жазып, қол қоюы керек. Директорлар Кеңесінің отырысы кезінде шығарылған хаттамада белгіленген ақпарат ҚР акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы қойып отырған талаптарға сай болуы керек.

### 13 БАП БАС ДИРЕКТОР

- 13.1 Қоғамның ағымды қызметіне басшылық ету Бас Директормен жүзеге асырылады. Қоғамның Бас Директоры Акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімін орындайды. Бас Директордың қызметке келу мерзімі 1 (бір) жылды құрайды. Берілген мерзім шектелмеген мөлшерде қайта бастау алуы мүмкін.
- 13.2 Бас Директор Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалады. Бас Директордың құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, Заңмен, сонымен қатар Қоғаммен жасаған келісім-шартпен анықталады. Келісім-шарттың бастапқы мерзімі 1 (бір) жыл. Бас директормен жасалған келісімшартқа Қоғам атынан директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған жалпы жиналыс немесе директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Жыл соңында келісімшарт мерзімі аяқталғанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Бас Директордың жұмысын бағалайды және ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіпте оның оның келісім шартын ұзарту туралы шешім қабылдайды.
- Акционерлердің жалпы жиналысы қандай да бір себептермен, оның шешімі бойынша Бас Директормен шартты бұзу құқығына толықтыру ретінде: төмендегі себептер бойынша, акционер келісім шартты бұзу туралы шешім қабылдаса, онда Бас Директормен шарт бұзылады:
- күнтізбелік жылдың соңында Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысымен құпталған Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарда көрсетілген мақсаттарға жетпесе, мақсатқа жетпеу себептері Бас Директорға байланысты болса;
  - Бас Директор Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін орындамаған жағдайда.
- 13.3. Бас Директордың бір уақытта басқа кәсіпорындар мен мекемелерде тұрақты қызметте болуға немесе міндеттерді орындауға, сондай-ақ қандай да бір жекеменшік иеленуге немесе қатысуға, сонымен қатар үлес немесе басқа байланыс (тура немесе жанама) жасауға, егер ол қызмет Қоғаммен мүдделер шиеленісін тудыратын немесе тудыруы мүмкін болса және егер Акционерлердің жалпы жиналысы арнайы жағдайды белгілемесе, құқы жоқ.
- 13.4. Бас Директор сенімхатсыз қоғам атынан үшінші тұлғамен қатынас жасай алады, Қоғамды таныстыру құқығына сенімхат береді, сонымен қатар сенім білдіру құқығында Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарды дайындайды және орындайды, Акционерлердің жалпы жиналысы шешімін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Заңға сәйкес рұқсат етілген дәрежеде Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен оған өкілеттік берілген қызметтер мен міндеттерді орындайды, Қоғам қызметінің күнделікті басшылығын жүзеге асырады. Бас Директор өзі болмаған жағдайда әрбір сенімхатта көрсетілген өкілеттілік аясында тұлғаға Қоғамды басқару құқығына сенімхат береді.
- 13.5. Бас Директордың құзіреттілігі Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған стратегиялар мен шешімдерге сай анықталады. Бас Директор Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарға сай Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады және Акционерлердің жалпы жиналысымен Жыл сайынғы Бизнес-Жоспардан кез келген маңызды ауытқуларды алдын ала бекітуді қамтамасыз етеді.
- 13.6 Бас Директордың міндеттері. Осы Жарғыға және Қолданатын Құқықтарға сай Бас Директор Қоғам атынан келесі функцияларды жүзеге асырады:
- 1) Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарды және Акционер шешімін іске асыру;
  - 2) келісім шарттар, шарттар жасау және қол қою, Қоғам атынан әрекет ету; басқа тұлғалармен, кәсіпорындармен және мекемелермен мәміле жасағанда Қоғамды таныстыру;



- 3) Қаржы Директорымен бірігіп ұсынылатын Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарды, жылдық қаржы есебін, басшылықтың жыл сайынғы есебін дайындау және ұсыну;
- 4) Қоғам қызметкерлерін қызметке тағайындау, басқа қызметке ауыстыру, жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығару, еңбекақы төлем жүйесін анықтау, сыйлық беру мәселесін шешу, марапаттау мен тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдау, сонымен қатар, акционермен бекітілген жылдық штаттық кестеге сай қызметкерлерді жалдаудағы Қоғамның саясаты мен тәртібін бақылау және іске асыру;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің жобасын дайындау, өзінің шешімі, осындай шешімдердің орындалуы туралы есеп ұсыну;
- 6) осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен белгіленген көлемде Қоғамның мүлкін, оның ақша активтерін сатып алу, басқару және өкілдік жүргізу;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткеннен кейін, Қоғам қызметін жүзеге асыру үшін қажетті банктік есеп шоттарын ашу;
- 8) Қоғам қызметіне келеңсіз әсер ететін кез келген жағдай туралы Акционерлердің жалпы жиналысына жылдам ақпарат беру;
- 9) Қоғам атынан наразылық және талап білдіру, Қоғамға қарсы кез келген тексерулер бойынша қорғану уәкілдігі.

13.6. Қоғаммен ірі мәміле жасалған жағдайда, қандайда бір келісім шартқа, міндеттемелерге немесе келісімдерге қол қойған жағдайда: 1) Қоғаммен және Қоғам міндеттеген қандай да бір үшінші тұлға арасында қандай да бір мерзімге мүлік, тауар, қызмет не ақша ұсынылса, немесе бұл Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарда қарастырлмаған болса, Қоғам атынан 15 000 USD (он бес мың USD) немесе теңгеге шаққандағы сомасына тең, не асатын талап қойған жағдайда; 2) Қоғаммен және Қоғам міндеттеген қандай да бір үшінші тұлға арасында аванс төлемі жасалса және Жыл сайынғы Бизнес-Жоспарда қарастырлмаған дебиторлық берешек пайда болса; 3) кепілдіктерді құру және өзгерту, кепілдікке ұстап қалу, кепілдікке алу және басқа да Қоғамның активтеріне қатысты кепілдік міндеттемелері бойынша; 4) қандай да бір акцияларды сатып алу және жазылу, борыштық міндеттемелер, сенімді компаниялардың, үшінші тұлғаларының не басқа да заңды тұлғалардың кепілдіктегі немесе құнды қағаздары (немесе олардағы қандай да бір үлесі) бойынша; 5) кез келген қарыздарды жүзеге асыру бойынша Бас Директор алдын ала Акционердің жазбаша шешімін алуға міндетті. Акционерлердің жалпы жиналысының мұндай алдын ала шешімінсіз аталған мәмілелер жарамсыз деп танылады.

13.8. Бас Директордың құзырына Қоғам қызметін қамтамасыз етуге байланысты және Акционерлердің жалпы жиналысының немесе директорлар Кеңесінің құзырлығында жоқ мәселелер кіреді.

#### 14 БАП

##### ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- 14.1. Қоғам тек қана өз активтерінің аясында ғана өз міндеттері бойынша жауапкершілікке тартылады. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша, ал акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілікке тартылмайды және өздеріне тиесілі Акциялар құны аясында шығынға бату қаупына ие.
- 14.2. Қоғамның акционерлері мен лауазымдық тұлғалары үлестес тұлғалары туралы ақпараттар ұсынылған келесі мәліметтерді беруі тиіс:
  - 1) жеке тұлғалар үшін: Аты-жөні., туылған жылы, үлестестігін таныту негізі, үлестес болған мерзімі, үлестестігін анықтауға арналған басқа да маңызды ақпараттар;
  - 2) заңды тұлғалар үшін: үлестес тұлғаның аты, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, пошталық индексі, заңды тұлғаның нақты мекен-жайы, үлестес болған мерзімі, үлестестігін анықтауға арналған басқа да маңызды ақпараттар.
- 14.3 Жарғының 14 бабының 2 пунктінде көрсетілген ақпарат ұсыну мерзімі аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн құрайды.

#### 15 БАП

##### ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

- 15.1 Қоғам қолданыстағы Заңда белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есеп жүргізеді және қаржылық есеп ұсынады. Қоғамдағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға, жағдайына және шүбәсіздігіне, тиісті органдарға қаржы есепті, уақытылы тапсыруға, сонымен қатар акционерлерге және бұқаралық ақпарат құралдарына Қоғамның қызметі туралы ұсынылатын ақпараттарды тапсыруға жауапкершілік Бас Директорға жүктеледі.



- 15.2 Жылдық қаржылық есепті, келесі есеп беру жылының 1 мамырынан кешіктірмей және/немесе ҚР заңнамаларында көзделген басқа да мерзімдерде Акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге ұсынылады.
- 15.3 Қоғам акционерлерге келесі құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді:
- 1) Жарғы және оған енгізілген барлық өзгертулер мен қосымшалар;
  - 2) Қоғамның құрылуы туралы шешім, Қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
  - 3) Қоғамның балансындағы мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
  - 4) Қоғамның Бас Директорымен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттары;
  - 5) Қоғамның филиалы, не өкілдігі туралы ереже;
  - 6) Қоғамның құнды қағаздар эмиссиясының (сатып алу шарты) ауқымы;
  - 7) тиісті органдарға ұсынылатын қаржылық есептің құжаттары;
  - 8) Тексерушінің, аудитордың, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қорытындысы.
- Қоғам акционерлерінің талабы бойынша, оған белгіленген заң тәртібінде, құжаттардың көшірмесі ұсынылады.
- 15.4. Қоғам өзінің акционерлеріне қоғамның акционерлердің мүдделеріне әсер ететін қызметі туралы ақпарат береді. Мұндай ақпараттың тізімі ҚР Заңнамасына сәйкес белгіленеді. Қоғам Қоғамның акционерлер мүддесіне әсер ететін қызметі туралы ақпарат салынатын БАҚ яғни «Егеменді Қазақстан» газетін пайдаланады.

## 16 БАП

### ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЮ

- 16.1 Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы мүмкін. Қоғамды қайта ұйымдастыру қосылу, бөліну немесе қайта құрылу формасында жүзеге асырылуы мүмкін. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы, өзінің құқылы мирасқорларына деген Қоғам құқығының және міндеттерінің ауысуына әкеліп соқтырады. Қоғамды қайта құру Азаматтық Кодекске және ҚР басқа да Заңдарына сай жүзеге асырылады.
- 16.2 Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе ҚР қарастырылған негізге байланысты сот шешімімен ерікті түрде таратылуы мүмкін.
- 16.3 Ерікті таратылу болған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның таратылуы туралы шешім қабылдайды, Тарату комиссиясын тағайындау және кредиторлармен және олардың бақылауындағылармен келісім бойынша тарату процедурасын анықтау ҚР Заңдарына сай жүргізіледі. Өзінің тағайындалуынан кейін, Тарату комиссиясы Қоғамның барлық істерін жүргізуге құқылы. Ол Қоғам активтері мен пассивтерінің құнын анықтайды, кредиторлар тізімін белгілейді, кредиторлармен және акционерлермен барлық есептеулерді жүзеге асырады және тарату балансын жасайды. Тарату комиссиясы Заңдармен белгіленген тәртіпте Қоғамның таратылуын жүргізеді.
- 16.4 Қоғамды тарату барысында оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған Акциялары ҚР Заңдарымен белгіленген тәртіпте күшін жояды.
- 16.5 Мемлекеттік тіркеу органдарының, заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізген мерзімінен кейін, таратылу аяқталды, ал Қоғам өз қызметін тоқтатты деп саналады.

ҚОЛЫ:

Бас Директор

«Егемен құс фабрикасы» акционерлік қоғамы

Толукпаев Серик

С.К.Толукпаев  
Қол қойылған күні:

«\_\_» \_\_\_\_\_ ж.